
ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

«21» сәуір 2023 жыл

6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XV Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасының қорытындысы

Төрайымы – Кыдырбаева Г.Т.

Хатшысы – Фейзулдаева С.А.

Қатысқандар: Олимпиада комиссиясының мүшелері – 8 (төрағасы, әділ қазылар (тізім тіркелді))

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XV Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасының қорытындысы туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Әділқазылар алқасының төрайымы күн тәртібімен таныстырды.

Г.Т. Кыдырбаева: Құрметті әріптестер, мектепке дейінгі мекеменің болашақ педагогтарының кәсіби қасиеттерін қалыптастыру, педагогикалық қызметке ынталандыру, шығармашылық қабілеттерін ашу, талантты, дарынды студенттерді іріктеу және қолдау, білім мен тәжірибе алмасу мақсатында өткізілген 6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XV республикалық студенттердің пәндік олимпиадасы өз мәресіне жетті. Олимпиадаға еліміздің барлық өңірлерінен 13 команда қатысты:

1. Сулейман Демирель атындағы университеті (жетекші: Асылбек Айжан Мейрамбекқызы, педагогика ғылымдарының магистрі);

2. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (жетекші: Толебаева Жанаргуль Акзатовна, магистр, аға оқытушы);

3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (жетекші: Жакупова Алтынай Жұмабекқызы, PhD);

4. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті (жетекші: Бейсенбекова Гульмира Бекиновна, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор);

5. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті (жетекші: Муканова Айгуль Даулеткалиевна, магистр, оқытушы);

6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (жетекшілер: Абдуллина Гулжан Темиршаровна, PhD, доцент м.а., Халилаева Эльмира Жахановна, аға оқытушы);

7. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (жетекшілер: Аширбаева Айнаш Болатовна, магистр, аға оқытушы., Масалиева Жанар Амалбаевна, ф.ғ.к., доцент);

8. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (жетекшілер: Атыманова Каргаш Жолжаксиновна, п.ғ.к., Килыбаева Гульнур Кенжекандықызы, педагогика-психология магистрі);

9. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (жетекші: Ахтанова Салтанат Кубейбековна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент);

10. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (жетекшілері: Метербаева Кулбаршын Метербаевна, п.ғ.к., профессор м.а., Мышбаева Гулмира Муратовна, PhD докторы, аға оқытушы);

11. Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті (жетекші: Баймуратова Айгерим Баратаевна, педагогика ғылымдарының магистрі);

12. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті (жетекшілер: Кулмышева Назым Армысовна, п.ғ.к., Едигенова Алма Жунусбековна, п.ғ.к.);

13. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (жетекшісі: Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна, п.ғ.к., аға оқытушы).

Әр ЖОО-ны оқытушылардың ғылыми жетекшілігімен 4 студенттен тұратын команда ұсынды. Әр командадан пәндік білімді сынау үшін 2 студент қатысты.

Жалпы олимпиада жоғары деңгейде өтті деген қорытынды жасаймын. Ережеге байланысты тағайындалатын жүлделі 1, 2, 3 орындар, жүлде қорлары мен номинациялар тағайындалды. Есеп Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне жіберіледі.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

С.А. Фейзулдаева., PhD, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің пәндік олимпиадаларды өткізу кестесіне сәйкес 2023 жылдың 20-21 сәуірінде Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 6В01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша «Жетістік педагогикасы: мектепке дейінгі тәрбиеде инновацияларды іске асыру практикасы» тақырыбында XV Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасы оффлайн форматында өткізілді.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ., Басқарма төрағасы – Ректор г.ғ.д., профессор М.Қ. Баймырзаевтың 2023 ж 10 ақпанындағы №52П бұйрығымен төмендегідей әділ қазылар алқасы құрылды.

Әділ қазылар алқасының төрайымы: Кыдырбаева Галия Турыспаевна, п.ғ.к., Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры.

Әділ қазылар алқасының құрамы:

1. Осокина Людмила Геннадьевна - №2 аралас үлгідегі бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, МКҚК;

2. Сейлханова Сандуғаш Айтмухановна - №42 бала-бақшасының меңгерушісі, МКҚК;

3. Амирова Нургуль Есимжановна - №11 аралас үлгідегі бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, МКҚК;

4. Серикбаева Гүлжан Төлеуханқызы - №3 бөбекжай-бақшасының әдіскері, МКҚК;

5. Бекбергенова Салтанат Сагиновна - №7 бөбекжай бақшасының әдіскері, МКҚК;

6. Фейзулдаева Салтанат Арасатовна., PhD, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері;

7. Ханина Надежда Николаевна., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері.

Ханина Надежда Николаевна., педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор., оқыту және тәрбиелеу әдістемелері білім беру бағдарламаларының оқытушы-дәріскері:

XV Республикалық студенттік пәндік олимпиада төрт кезеңнен тұрды:

I кезең: Командаларды ұсыну: «Біз жаңа формацияның тәрбиешіміз» (5 минут);

II кезең: Капитандар сайысы, педагогикалық жағдаятты шешу (3 минут);

III кезең: Интеллектуалды марафон (тест тапсырмаларының ұзақтығы 50 минут);

IV кезең: «Балабақшадағы шеберхана» оқу процесіндегі ойын технологиясы (15 минут).

Олимпиаданың ережелеріне сай әрбір кезеңнің мақсаты және бағалау критерийлері берілген.

Амирова Нургуль Есимжановна., №11 аралас үлгідегі бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, МКҚК:

Қатысқан барлық командалар әрбір кезеңдер бойынша олимпиада ережелеріне сәйкес бекітілген талаптарды сақтай отырып, әділ бағаланды деп ойлаймыз.

Олимпиада нәтижесі бойынша төмендегідей жүлделі орындар белгіленген:

Бір-бірінші орын, екі-екінші орын, үш-үшінші орын.

Сейлханова Сандуғаш Айтмухановна., №42 бала-бақшасының меңгерушісі, МКҚК:

Студенттер олимпиададағы өте жақсы дайындықпен келген. Әрқайсысы ережеге сай бекітілген критерийлер бойынша лайықты бағаланды деп санаймын.

Осокина Людмила Геннадьевна., №2 аралас үлгідегі бөбекжай-бақшасының меңгерушісі, МКҚК:

Олимпиаданың ұйымдастырылу деңгейі жоғары дәрежеде болды. Пән олимпиадаларын өткізуде басты шарт әділдік пен ашықтық қамтамасыз етілді.

Серикбаева Гүлжан Төлеуханқызы - №3 бөбекжай-бақшасының әдіскері, МКҚК:

Қатысқан командалардың өзара бірге жұмыс істеу дағдылары қалыптасқан, білімгерлер өздерін әр қырынан көрсете алды.

Бекбергенова Салтанат Сагиновна., №7 бөбекжай бақшасының әдіскері, МКҚК:

Өз кәсіби біліктері мен шеберліктерін қосып, командаларды дайындап, ұйымдастырып, жоғары деңгейде жетекшілік жасаған әрбір ЖОО-ны оқытушыларына алғысымызды білдіреміз.

Кыдырбаева Г.Т., әділқазылар алқасының төрағасы:

Олимпиаданың барлық 4 кезеңі бойынша ұпай сандарын қосып, есептей келгенде мынадай қорытынды нәтиже сараланды:

Бірінші орын – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Knowledge шыңдары» тобы. (50 мың ақшалай сыйлық).

Екінші орын – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Erudite» тобы. (30 мың ақшалай сыйлық)

Екінші орын – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Бала үні» тобы. (30 мың ақшалай сыйлық)

Үшінші орын – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. (10 мың ақшалай сыйлық)

Үшінші орын – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті «Білім керуені» тобы. (10 мың ақшалай сыйлық)

Үшінші орын – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Рухты ару» тобы. (10 мың ақшалай сыйлық)

6В01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша XV Республикалық пәндік олимпиада өткен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ Басқарма төрағасы – Ректор г.ғ.д., профессор М.Қ. Баймырзаевтың атынан олимпиадаға белсене қатысқаны үшін студенттерге, команданы дайындаған жетекшілеріне «Алғыс хат» және арнаулы номинациялар бойынша дипломдармен марапаттады. Жұлделі орын иеленген командаларға ақшалай сыйақы тағайындалды.

Жұлделі орындар:

Бірінші орын – 50 мың теңге;

Екінші орын – 30 мың теңге;

Екінші орын – 30 мың теңге;

Үшінші орын – 10 мың теңге;

Үшінші орын – 10 мың теңге;

Үшінші орын – 10 мың теңге.

Номинациялар:

I кезең. Команда таныстыру: «Біз жаңа формация тәрбиешісіміз» кезеңінде

1. «Көрермен көзайымы» номинациясы - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Newedustar's» тобы марапатталады (Қол смарт сағаты)

2. «Үздік костюм» номинациясы - Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті «Көзайым» тобы (Қол смарт сағаты)

II кезең. Капитандар сайысы:

1.«Үздік капитан» номинациясы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Erudite» тобы (Қол смарт сағаты)

2.«Лидер» - Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Жарқын» тобы марапатталады (Қол смарт сағаты)

III. Тест. «Интеллектуалды марафон»:

1.«Супер жетістік» номинациясы - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті «Newшыл ЖаStar» тобы марапатталады (Құлақ қап)

2."Сәттілік сәулесі" номинациясы Сулейман Демирель атындағы университеті «The Kind Important Teachers» тобы марапатталады (Құлақ қап)

3.«Зерделі білімгер» номинациясы - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Бала үні» тобы марапатталады (Құлақ қап)

IV. Балабақшадағы шеберхана:

1.«Өз ісінің шебері» номинациясы - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті «Galanthus» тобы марапатталады (Құлақ қап)

2.«Үздік командалық дидактикалық жұмыс» номинациясы- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Рухты ару» тобы марапатталады (Ұялы телефонға арналған қуаттағыш)

3.«Мастер-инновация» номинациясы - Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті «Kokshe coach» тобы марапатталады (Ұялы телефонға арналған қуаттағыш)

4.«Педагогикалық шабыт» номинациясы- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Abai's Qalam» тобы марапатталады

5.«Менің педагогикалық тәжірибием» номинациясы- Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті «Білім керуені» тобы марапатталады (Ұялы телефонға арналған қуаттағыш)

ҚАУЛЫ:

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша «Жетістік педагогикасы: мектепке дейінгі тәрбиеде инновацияларды іске асыру практикасы» тақырыбында өткен XV Республикалық студенттердің пәндік олимпиадасы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жүлдегерлері төмендегідей ретпен тағайындалсын:

Бірінші орын – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Knowledge шыңдары» тобы.

Екінші орын – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Erudite» тобы.

Екінші орын – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Бала үні» тобы.

Үшінші орын – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті.

Үшінші орын – Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті «Білім керуені» тобы.

Үшінші орын – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Рухты ару» тобы.

Төрайымы:

Хатшы



Г. Кыдырбаева

С. Фейзулдаева

